



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Скарабей, 1993. — Т. 1. — 352 с. — (Новая история средневековой Франции). — 50 000 экз. — ISBN 5-86507-001-0. Западноевропейское рыцарство XII - XV вв. в евразийском историко-культурном контексте: этика противоборства : Опыт сравнительно-исторического исследования

6. Игнатович А. Н. Буддизм в Японии: Очерк ранней истории. М.: Наука, 1987.

7. Кодекс бусидо. Хагакурэ. Сокрытое в листе / пер. А. Боченкова, В. Горбатько. М.: Изд-во Эксмо, 2004. - 432 с.

ӘОЖ 338.1(531) «1981/2001»

ЕГИПЕТ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (1981-2001 жж.)

Мырзаханова Амина Кемаловна

super.amina76@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,

«БМ020900 - Шығыстану» мамандығының 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

XX ғ Египет бірнеше ірі әрі маңызды тарихи кезеңдердерді басынан кешірді. Бұл кезеңдерде идеологиялық басымдылықтар, Египет билігінің ұстанған сыртқы және ішкі саяси бағыттары мен қатар ел экономикасы да өзгеріп отырды. Хосни Мубарак билік құрған дәуірді қарастырғанда, ол дәуір Египет тарихындағы тәуелсіздік жылдарының терең түптерінде жатқандығына ерекше мән беру қажет[1]. Бұл кезең саяси шешімдердің сан-алуандығымен қарама-қайшылығымен ерекшеленді, елді экономикалық және мәдени дамытудағы Египет билігінің жасаған жұмыстары қарама-қарсы бағытта болды. Хосни Мубарак билікке келгенде, өзінің алдында ел басқарған Гамаль Абдель Насер (1956-1970 жж) мен Анвар Садаттың (1970-1981жж) Египетті дамытуда қол жеткізген көптеген жетістіктері мен жіберген кемшіліктерін өзіне мұра етті.

Анвар Садатты қоғамның жоғары және орта топ өкілдерінің қолдауы өте зор болды. Оның жеке тұлғасының әсерлігі, халықты ырқына ертушілігінің күштілі соншалық, бір қолының ишаратымен миллиондаған адамдарды көшеге шығуға мәжбүрлей алатын. Хосни Мубарак халықтың мұндай жаппай қолдауына ие бола алмады. Дегенмен, 70-жылдары Мубарактың ішкі әскери қызметтегі мінсіз қызметі мен тамаша мансабының арқасында әскери ортада атағы зор болды. 1981жылдың қазан айына таман Хосни Мубарак ел ішінде жеткілікті дәрежеде белгілі болды және ел құрметіне ие болды. Сол кездері «Таймс» газетінің корреспонденттері жасырын сауалнама жүргізу арқылы жаңа президенттің портретін жасады. Адамдар Хосни Мубаракты қарапайымдылық, еңбекке зор қабілеттілік, ұқыптылық, батылдық, еңбексүйгіштік, өзінің оппоненттеріне құрметпен қарау, елдің ішкі мәселері мен қоғамдық пікірге қамқорлық таныту сияқты қадыр-қасиеттермен байланыстырады[2]. Оның осы айтылған қадыр-қасиеттерді әскери және азаматтық қызметтерде өзінің отандастарының алдында көрсетіп қалуға мүмкіндігі болды.

Сондай-ақ Хосни Мубарак Батыс Еуропамен қақтығыста болған араб әлемінің көрші елдерімен жақсы қарым-қатынас орнатуға тырысты және Египеттің халықаралық аренадағы беделі жайлы да ұмытпады. Хосни Мубарак билігі кезінде елдің ұстанған позициясы айтарлықтай жақсарды.

Египет Израильмен бейбіт келісімге 1979 жылы қол қойғаннан кейін Араб елдері Лигасы мүшелігінен шығарылған болатын, ал 1989 жылы сол Араб елдері Лигасына мүшелікке қайтадан қабылданды.

Осылайша 80-жылдардың соңында Хосни Мубарак елді аймақтық оқшауланудан алып шықты [3].

Анвар Садат билік құрған кезеңінің соңғы жылдары барлық қоғамдық күштерді атап айтқанда ресми солшыл және оңшыл оппозицияны, мұсылман-фундаменталисттерді, христиан-коптарды, интелегенцияны және буржуазия табының маңызды бөлігін өзіне қарсы қойып алды. Египеттің АҚШ-қа қаржылық, экономикалық, әскери және саяси бағыныштылығы ел экономикасын оңтайландыру, жақсарту үшін баламалы саясат пен кеңістік құру мүмкіндіктерін шектеген болатын[4].

Хосни Мубарак ел басына билікке келген алғашқы жылдары өзінің алдындағы ел билеген Садаттың жіберген қателіктерін түзетті. Бірінші кезекте жаңа президент оппозицияның қоғамға көзқарасын қайта қарай отырып, ырықтандыру іс-шараларын жүргізе бастады. Бірнеше оппозициялық партиялар парламент сайлауына түсуге құқық алды, сонымен қатар өз идеялары мен көзқарастарын өздерінің газеттері арқылы білдіруге мүмкіндік алды [5].

Сондай-ақ, Анвар Садат кезінде құғынға ұшыраған Египеттік коптылар шіркеуінің 117 папасы Анба Шенуданы 1985 жылы президент Хосни Мубарак ресми түрде коптылық иерархты жер аударудан қайтарып алды. Шенуда өз қызметіне қайтадан тағайындалды.

70 жылдардың екінші жартысы мен 80-жылдардың басында елдің экономикалық дамуы үлкен қарама-қайшылықтармен сипатталады. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) жоғары қарқынмен өсті (1977-1983жж. орта есеппен жылына 8%) бірақ, экономикадағы құрылымдық үйлеспеушілік күшейді. Қызметтер көрсету аясы әсіресе, сауда-саттық пен құрылыс салаларының жоғары қарқынмен дамуы, экономиканың өндіргіш секторына зиян келтірді.

Құны 1980-1981 жж. 8,72 млрд. долл. жеткен ұлттық табыстың басым бөлігін суға сіңгендей жоқ қылған, қауіпті мөлшерге дейін өскен импорт халық шаруашылығына теріс әсерін тигізді, сыртқы сауда теңгерімінің теріс айырмасы -4,62 млрд. долл. құрады[6].

Бақылаусыз импорт ұлттық өнеркәсіптің бірқатар салаларын тоқырауға, Египет өніміне деген сұраныстың төмендеуіне алып келді. Әсіресе тиімсіз басқарудан, еңбек өнімділігінің төмендігінен, өнімдерінің бәсекеге жарамдылығының әлсіздігінен зардап шеккен бірқатар мемлекеттік сектордағы кәсіпорындар ауыр жағдайға тап болды.

Мубарак, Анвар Садат бастаған инфитак-экономикалық ырықтандыру саясатын жалғастырды. Экономиканы қайта құруда (қаржылық жүйе жақсарғанда) мемлекеттік банктердің акцияларын жекеменшік компанияларға сатудың арқасында қаржылық жүйе түзеліп, шетел инвестицияларының арта түсуі Египет экономикасының барлық салаларында өзінің оңтайлы нәтижелерін берді.

Дегенмен, «инфитак» жылдары ауыл шаруашылығы зор зиян шекті, шешімін таппаған мәселелерге көңіл бөлмеу - экономиканың маңызды саласы болып табылатын ауыл шаруашылығын дағдарысқа алып келді. Осы кезеңдерде Египет өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігін жоғалтты және 80-жылдардың екінші жартысында елдегі қолданатын азық-түлік өнімдерінің 50% шеттен әкелуге мәжбүр болды(соның ішінде бидайдың 75%). Жалпы ішкі өнімнің ауылшаруашылық үлесі 1984 жылы 1974 жылғы көрсеткіштің жартысынан аз болды.

80-жылдың басында Египет қиын саяси-әлеуметтік, экономикалық дағдарысты бастан кешірді. Египет экономикасы халық санының қарқынды өсуінен зардап шекті, ішкі қарызға белшесінен батты.

1981-1985 жж. ішкі өнімнің өсуі әсіресе эмигранттардың жіберген аударымдары, мұнай экспорты, Суец каналы мен туризмнен түскен кірістер сияқты ішкі табыс көзімен қамтамасыз етілді. Демек, елдің экономикалық дамуы аймақтық және халықаралық жағдаятқа байланысты болды және бақылауға көнбеді. Ішкі қордың шектеулі мүмкіндіктері Египетті үлкен шамада ішкі қаржылық табыс көзіне сүйенуге мәжбүр етті. 80-жылдары жыл сайын экономиканы дамытудағы мұқтаждықтарға арналған субсидиялар мен кредиттер, қарыз сомасы 1,2-2 млрд. АҚШ долларын құрады. Египеттің ішкі қарызы 1,4 млрд. доллардан 1982 жылы 40 млрд. долларға жетті, 1987 жылы қиын ауыртпалыққа айналды. Египетке ірі көлемде қарыз беруші ел Америка Құрама Штаты болды. Елдің «Садат сызығы» негіздерінің бірі - бір АҚШ ғана бейімделу осы державаға зор экономикалық тәуелді болуға

алып келді[7].

80-жылдардың бірінші жартысында Египетте екі экономика болды. Біріншісі мұнай өндіру мен мұнай өңдеу өнеркәсібін, жекеменшік секторындағы жаңа кәсіпорындар, (шетелдік, египеттік, аралас), сонымен қатар, шет елде жұмыс жасайтын египеттіктерді қамтыды. Бұл жерде жоғары деңгейдегі жалақы мен еңбектің жоғары өнімділігі болды. Ал, екіншісіне 60-жылдардың ортасынан бастап өзгермеген мемлекеттік сектордағы өнеркәсіп, ауылшаруашылық саласы және мемлекеттік мекемелер жатады. Бұл жерде жалақы өте төмен болды. Негізгі тұтыну тауарларына бағаны тұрақты деңгейде ұстап тұру үшін үкімет ірі көлемде субсидия (барлық мемлекеттік шығынның 14%) бөлуге мәжбүр болды, бұл төлем теңгеріміне түскен ауыртпалық болды 1982-1983 жж. субсидия 2,4 млрд.долл.жетті)[8].

1991 жылы Мубарак «1000 күннің бағдарламаларының» басталуы жайында баяндады. Бұл бағдарлама реформаларды жүзеге асыру мен нарыққа бағытталды. Бағдарлама нарықтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін іс-шаралар жүргізуге, шығыны көп компанияларды жою, мемлекеттік сектордағы кәсіпорындарды жекешелендіру өз кезегінде қоғамда наразылық туғырды[9].

Аталмыш іс-шаралардың жүзеге асуы белгілі бір бағытпен, өте баяу жүрді.

1994 жылдың бірінші жартысымен 1998 жылдар аралығында 258 мың адам жұмыс істейтін 30,8 млрд. египеттік фунт активі бар 113 мемлекеттік кәсіпорын жекеменшікке сатылды[10].

Египетте 2000 жылға қарай жекешелендіруге жоспарланған 314 мемлекеттік кәсіпорынның 200-ден астамы жекешеленді [11].

Дегенмен ел экономикасы үшін стратегиялық маңызды Суэц каналының компаниясы, «Иджишн Дженерал Петролеум» мемлекеттік мұнай компаниясы, әскери зауыттар, мемлекеттік теледидар мен радио, сонымен қатар ауруханалар мен мектептер жекешеленбейтін болды. Сондай-ақ, ұн тартатын және фармацевтикалық кәсіпорындардың бақылау акциялар пакеті нан-тоқаш өнімдері мен дәрі-дәрмекке төмен бағаны сақтап тұру үшін мемлекет меншігінде қалатын болды. Жеке меншікке сатылған компаниялардың 90% жекешелендірілген бір жыл ішінде қомақты кіріске қол жеткізді . Мемлекет меншігін сатудан түскен қаржы мемлекеттік бюджеттің 1998 ж 1шілдесінде 16,9 млрд. ег. ф. дейін толығын қамтамасыз етті[12].

Дегенмен 2000 жылға қарай Египетте жекешелендіруге жоспарланған 314 мемлекеттік кәсіпорынның 200-ден астамы жекешеленді [13].

Жалпы ішкі өнім 1990жылы 1,9% дан 1998ж. 5,7% дейін өсті [14].

Осылайша жалпы ішкі өнімнің өсуі жылына 1 млн. адамға (немесе 1,6%) көбейетін халық санының өсуін басып озды [15].

Ең маңыздысы сол ауылшаруашылық өндірісі қарқынының артуы 90-шы жылдары орта есеппен жылына 3,2% құрап, халық санының өсуінен артып түсті [16].

Бұл ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігінің артуымен байланысты болды. 1982 жылмен 1997 жылдар аралығында 1 феддан жерден бидай -15 тен 24 ц дейін, жүгері –17 ден 30 ц, күріш –24 ден 35 ц жиналды. [17]

Қаржылық жағдай біршама тұрақталғанымен шын мәнінде бюджет тапшылығы сақталынып қалды. (1997жылы 2,6 млрд. ег. ф. құрады) [18].

Жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы ұлғайып отыруы мемлекеттің бұрынғы басшысына инфрақұрылымды дамытып және су тапшылығынан туындаған мәселелерді шешуге «Батыс Сахараны» көгалдандыру үшін (Тошка проектісі) әр-түрлі жобаларды, сонымен қатар ауылшаруашылығына жарамды шөл жерлердегі оазистерді гүлденген аймаққа айналдыру жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берді[19].

Мұндай халықтың азық-түлік мәселесін шешуге және азық-түлікпен толық қамтамасыз етуге бағытталған бастамалар Египет қоғамының осы уақытқа дейін шешімін таппаған басты мәселесі болып отыр.

Бір жағынан қарағанда Мубарак елді жан-жақты дамытуға, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысқанымен халық тез арада күткен жұмыссыздықтың

азаюы, елдің гүлденуі сияқты нәтижелер оң шешімін таппады, ел үміті ақталмады. Хосни Мубарак басқаруындағы мемлекеттік институттар қызметінің жемісі байқалмады. Каир қаласындағы трущобтарда, қабірлерде, үйілген қоқыстар жанында адамдар әлі күнге дейін өмір сүріп жатыр, тіпті Мубарактың туған қаласы Кафр аль-Масалхада жергілікті халық арзан нан сатып алу үшін бірнеше сағаттар бойы кезекке тұруға дайын, сонымен қатар халық арасында С гипатиті, шистоматоз сияқты жұқпалы аурулар кең таралған[20].

Қолданылған әдебиет:

1. Рифаат ас-Сайд Китабат фи-т-тарих (Очерки по истории Египта). – Каир.: «Дар ас-сакафа ал-джадида», 1980, С. 25–26.
2. Каменский Г. Хосни Мубарак: власть – это ответственность, а не удовольствие. //О них говорят: 20 политических портретов. – М.: Полит-издат, 1991. 7с.
3. Galal Amin, Egypt and Egyptians in the Mubarak Era.- Е.: 2011.
4. Шмелова Т. А. Востоковедный сборник. Вып. 3: Особенности политического и экономического развития АРЕ : 1981 - 2001 гг.- М.:2004. 3 с.
5. Асадова Н. «Мухаммед Хосни Сейид Мубарак», 2011. <http://kommersant.ru/doc/720969>
6. Видясова М.Ф., Умеров М.Ш. Египет после арабского социализма: в поиске экономических решений.//Московский государственный университет им. М.В.Ломоносова, Институт стран Азии и Африки. – М.: 1999. С. 16–17.
7. Шмелова Т. А. Востоковедный сборник. Вып. 3: Особенности политического и экономического развития АРЕ : 1981 - 2001 гг.- М.: 2004. С. 11-12.
8. Шмелова Т. А. Востоковедный сборник. Вып. 3: Особенности политического и экономического развития АРЕ : 1981 - 2001 гг.- М.: 2004. 12 с.
9. Строительство нового Египта, 2012 <http://oaelife.ru/?p=1101>
10. A New Business Environment for a Great Country. Cairo, 1999. - 186.
11. Michael Slackman «Egypt Concedes to Resistance on Privatization Push», 2010
12. A New Business Environment for a Great Country; Независимая газета.19.03.1999.
13. Michael Slackman «Egypt Concedes to Resistance on Privatization Push», 2010.
14. A New Business Environment for a Great Country; Независимая газета19.03.1999.
15. Ближний Восток и современность. Вып. 6. М., 1999. С.25-26
16. Коринф. 1999, № 1, 16 с
17. A Land of Opportunity,- 11с
18. Коринф. 1999, № 1, -17с
19. Ken Niemi. Egypt's Canal Project, 1997 <http://www.nytimes.com/1997/01/17/opinion/1-egypt-s-canal-project-201995.html>
20. Светлова К. «История величия и падения Мубарака». –М, 2011. <http://www.zman.com/news/2011/04/20/99767.html>

УДК 37.014(519)(091)

ОБРАЗОВАНИЕ В КОРЕЕ: КРАТКИЙ ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБЗОР

Нұрғали Айнұр Жәлелқызы

nurgali.ainur@mail.ru

студент 4-го курса специальности «5В020900 - востоковедение»

Факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Астана, Казахстан

Научный руководитель - к.и.н. Г.Б. Сугралимова

В этой статье хотелось бы кратко рассмотреть путь становления Республики Корея,